

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Махамбет ауданы Ақжайық ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 наурыздағы № 5 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 наурызда № 4073 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Ақжайық ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 3 шілдедегі № 11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы Ақжайық ауылдық округі әкімінің 03.07.2018 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Махамбет аудандық Аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 15 ақпандағы № 08/47 ұсынысы негізінде Ақжайық ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақжайық ауылдық округі Ақжайық ауылы, Ақжайық көшесі бойынша № 19 үй аумағында мүйізді ірі қара малдарынан құтырық ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Махамбет аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## КЕЛІСІЛДІ:

*Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Махамбет аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры*

*Е. Сүйеуғалиев*

**"5" наурыз 2018 жыл**

*"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Махамбет аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*Л. Мамаева*

**"5" наурыз 2018 жыл**